


*Жаңа түскен басылымдардың  
виртуалды көрмесі*


*№ 3, 2016*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*




**Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп... Ғұмырнамалық шежіре, библиографиялық мәлімет, тағылымдар. - Алматы, 2014. - 420 б.**

Жинақта тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Өнер академиясының академигі, Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлықтың лауреаты, танымал археолог-этнолог Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаевтың ататегі, өнегелі өмір жолы, ғалымдық қайраткерлігі, азаматтық-адамгершілік қасиеті, биік болмысы, халқына сіңірген қызметі, досқа, туысқанға деген бауырмалдығы кестеленген. Қызметтес әріптестерінің, дос-жарандарының, шәкірттерінің көңіл түкпірлерінен шыққан сүйіспеншілікке толы ой-пікірлері топтастырылған. Өткен уақыт белестерінен сыр шертетін суреттер ұсынылған.




**Фольклорлық мұралар: жиналу, жариялану тарихы. Монография. - Алматы: «Evo Press», 2014. - 468 б.**

Ұжымдық еңбекте «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорларындағы қолжазбаларда, сирек басылымдарда жинақталған ертегілердің, аңыздардың, хикаяттардың, ауызекі әңгімелердің, жұмбақтардың, балалар фольклорының, көне эпостардың, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклының жиналу және жариялану тарихы қарастырылды.




**Құрманбайұлы Шерубай: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар. - Алматы: Өнер - 21 ғасыр, 2014. - 104 б.**

Бұл биобиблиографиялық көрсеткіште ғалымның 1992-2014 жылдар аралығында жарық көрген еңбектері қамтылып, өмірі мен шығармашылық ғылыми-педагогикалық мемлекеттік және қоғамдық қызметі туралы негізгі мәліметтер берілген.




**«Өңір тарихы: Тәуелсіз Қазақстандағы зерттеудің негізгі бағыттары және тәжірибе» атты «VIII Қасымбаев оқулары»: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары=Материалы республиканской научно-практической конференции на тему: «Региональная история: опыт и основные направления исследований в независимой Казахстане. - Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2014. - 304 б.**

Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағына өңір тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге және тәуелсіздік тарихының теориялық, практикалық мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар топтастырылған.




**Таужанова Р.Ж., Байгунаков Д.С. Мемлекет және құқық теориясының сызбалар және тест кешені. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Gredos LTD С, 2015. - 240 б.**

Аталған кешен болашақ заңгерлерді дайындауға арналған «Мемлекет және құқық теориясы» пәнінің негізгі тақырыптары бойынша құрастырылған сызбалар жиынтығынан және тест сұрақтарынан тұрады. Сызбалар оқу үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген негізгі тақырыптар желісімен құрастырылған, ал тест сұрақтары БЖСҚ талаптарына сәйкес түзілген. Оқу-әдістемелік құрал білімгерлерге БЖСҚ талаптарына сай теориялық дайындық беруге бағытталған.




**Шетел қазақтарының өнері: музыка мәдениеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 1-кітап. - 424 б.**

Монографияда Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай мемлекеттеріндегі қазақтардың музыка мәдениеті ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырылады. Тарауларда мамандардың бұрын-сонды музыкатану саласында арнайы, кешенді зерттеу нысанына алынбаған, яғни ғылыми экспедицияларда өздері жазып алған, жүйелеп нотаға түсірген тың материалдары алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр. Сонымен қатар алыс және жақын шетелдегі қандастарымыздың бүгінгі өнері, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы қазақ композиторлары мен АҚШ-тағы кәсіби орындаушылар мен музыканттар шығармашылықтарына да назар аударылады.




**Айтбайұлы Ө. Тілғұмырлар: (Қазақ лингвистері мен тіл жанашырлары). - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. - 400 б.**

Кітапта қазақ терминологиясының атасы атанған А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов, тіл тарландары І. Кеңесбаев, М. Балақаев және тіл мәртебесін биікке көтерген көптеген тілші ғалымдардың педагогтік және қоғамдық қызметі туралы жан-жақты баяндалған. Сондай-ақ мұнда өз кезінде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін айқындаған С. Сейфуллин, ұлты үшін жаны күйген Ө. Жәнібеков, адалдық пен әділеттің жаршысы Н. Оңдасынов, өлең сөздің білгірі З. Ахметов және сазгерлер Ш. Қалдаяқов пен І. Жақановтар туралы да көркем эссе тұрғысынан шебер баяндалған.




**М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. Ұжымдық монография. – Алматы: Evo Press, 2014. - 524 б.**

Бұл кітапқа қазақ әдебиетінің классигі, ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен қоғамдық қызметін жүйелі түрде қарастырып, кеңінен сөз еткен бірқатар жаңа зерттеулер енді. Өткен ғасырдың түрлі оқиғалары мен қоғамдық жағдайларын бастан өткерген жазушы өмірінің қилы кезеңдері ғылыми сараптан өткізіліп, құжат, архив деректері арқылы әр қырынан жан-жақты көрсетіледі. Қаламгер шығармашылығы түрлі кезеңдегі еңбектерінің жазылу тарихы арқылы толық көрініс тапқан деуге болады.




**Жаһандану жағдайындағы қытайдың тарихы, саясаты және экономикасы. Мақалалар. - Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. - 316 б.**

Бұл жинаққа республикалық конференцияға қатысушы ғалымдардың баяндамалары мен арнайы мақалалары топтастырылған.




**Қазіргі заманғы Қытай және оның Қазақстанмен қатынасы. Мақалалар. - Алматы: «Мерей» баспасы, 2014. - 192 б.**

Бұл жинаққа аталмыш конференцияға қатысушы ғалымдардың баяндамалары мен арнайы мақалалары топтастырылған.



**Мұқаметханұлы Н. Изденіс: тарих және замана. Мақалалар. - Алматы: «Мерей» баспасы, 2014. - 248 б.**

Н.Мұқаметханұлының оқырмандарға ұсынып отырған бұл еңбегінде автордың қазақ тарихында маңызды рөл атқарған саяси, мәдени және ғылыми тұлғалар жөніндегі бағасы, қазіргі заманғы Қытайдың әлемдік қатынастары және Қазақстанмен ынтымақтастығының өзекті мәселелері туралы талдаулары, Елбасының оралмандар саясатының маңыздылығы мен қомақты нәтижелерін анықтаулары, соңғы жылдары баспадан жарық көрген қызықты еңбектерге берген бағалары, ой-талғамдары қамтылған. Әрбір мақалаға сіңірілген зерттеушінің терең ойлары мен биік ғылыми пайымдарының теориялық та, тәжірибелік те құндылығы жоғары.



**Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. - Алматы: Evo Press, 2014. – 708 б.**


Ұсынылып отырған монография тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ және Қазақстанды мекен еткен этностар әдебиетіндегі ұлттық және жалпыадамдық парадигманы зерттеуге арналған. Зерттеушілер жалпыадамдық құндылықтарды көрсету үшін алдымен қаламгерлер қаламына тән ұлттық ерекшеліктерге баса назар аударған. Әдебиеттегі мәңгілік категориялар поэзиялық, прозалық, драматургиялық, көркем публицистикалық шығармалар негізінде зерттеу нысанына алынған.



**Қалшабаева Б.К., Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.К. Қазақ диаспорасы және репатрианттар проблемаларын зерттеу бойынша этнографиялық экспедициялар мен студенттік практика қатысушыларына арналған сұрақнама-бағдарлама: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2014. - 76 б.**

Жұмыс «Қазақ диаспорасы және репатрианттар: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында орындалды.

Сұрақнама-бағдарлама қазақ диаспорасы мен репатрианттарының этникалық тарихы мен этнографиясына қатысты далалық материалдар жинауға негізделген әдістемелік құрал.



**Мұқашев Қ.М. Электрондық аппараттарға кіріспе: Оқу құралы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2014. - 204 б.**

Оқу құралы электроника, электрондық аппараттар санасы бойынша қазақ тілінде дайындалып отырған алғашқы кітаптар қатарына жатады және құраушы элементтерден бастап электрлік, электрондық тізбектердегі процестерді қажетті мөлшерде баяндай отырып, электрондық аспаптардың аналогты және цифрлық құраушыларына дейін жеткілікті түрде мағлұмат беруге арналған. Заман талабына сәйкес, электрониканың жаңа бағыты - цифрлық техника туралы мағлұмат көбірек қарастырылады. Әрбір таңданатын электрондық құралғы оның тізбектеріндегі құбылыстардың физикасын түсіндіруден бастап қолдану аясын талдаумен аяқталады.






**Сіргелі Қаракөңірдек шежіресі / Құраст. Д.Т. Нәлібаев. – Алматы, «Дулат» ЖК, 2015. - 328 б.**

Халқымызда «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер» деген қанатты сөз бар. Тектілік тегін білуден басталады. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан шежіре тарқату үрдісі қазақта кеңінен тараған. Шежірені білу ұрпақтар сабақтастығы мен бірлігін нығайта түседі, оның тәрбиелік мәні де терең.

Кітапта ата-текті тарату шежірелерімен қатар, елге танымал абыройлы азаматтар туралы да тағылымды әңгімелер бар.




**Ысқақұлы Д. Түркілік ортақ термин негіздері. Монография. - Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2014. - 160 б.**

Жаһандану үдерісі барынша қарқын алған қазіргі дәуірдегі тіл тіршілігінде термин мәселесін дұрыс шешудің оның болашағы үшін маңызы аса зор. Сол себепті де қазір күн тәртібіне түркі тілдеріне ортақ терминдер жасау күн тәртібіне қойылып отыр. Кітапта қазақ терминологиясының тәжірибелеріне сүйене отырып, түркі тілдеріне ортақ терминдер жасаудың теориялық, практикалық проблемалары кеңінен қарастырылады.



**Ысқақұлы Д. Мәңгілік майдан. Монография. - Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2014. - 408 б.**

Монографияда жаһандану кезіндегі қоғамда жүріп жатқан тілдік құбылыстар әлеуметтік, филологиялық тұрғыдан талданылып, әлемнің тілдік бейнесі, түркі тілдерінің, оның ішіндегі қазақ тілінің тағдыр-талайы, жүріп өткен жолдары мен бүгінгі күнгі жай-күйі, болашағы ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараланады. Түркі халықтарының ортақ әліпбиі, тілі, рухани құндылықтары сияқты мәселелер кеңінен сөз болады.




**Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы) = Честь и долг (Участие казахстанцев во Второй мировой и Великой Отечественной войне в странах Европы). - Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2015. - 592 б.**

Ұсынылып отырған кітап «Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында» (2010) тарихи-құжаттық зерттеудің жалғасы болып табылады. Еңбек 1939-1945 жж. аралығында Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысының маңызды оқиғаларын баяндайды. Авторлар соғыстың алғашқы күнінен Токиолық әскери трибуналда аяқталуына дейінгі кезеңде қазақстандықтардың көрсеткен ерлігін жан-жақты зерттеп жеткізеді.

**Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 1-кітап. – 320 б.**

Мұхтар Әуезовтің әдеби, ғылыми, тарихи мұралары әр кезеңнің көркемдік талаптарына сай танылып, талданып, зерделенуі заңды. Осы мақсатты ұстанған «Қазіргі Мұхтартану» атты монография екі кітаптан тұрады.


I-кітапта жазушының қаламгерлік қарымы, суреткерлік шеберлігі, шығармашылық өмірбаяны бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысынан талданады. Қаламгердің бұрындары әдеби айналымға түспеген зерттеулері, көркем шығармалары мен публицистикалық мақалалары, эпистолярлық мұралары, қолжазбаларындағы ұлттық идея, тіл мен діл, әдебиет пен мәдениет, өнер мен өркениет туралы жазылған ойлар қоғамның рухани-эстетикалық дамуымен тығыз бірлікте қарастырылады. Мұнда тәуелсіздік тұсындағы мұхтартанудың даму сипаттары мен өзекті мәселелеріндегі жаңаша көзқарастарды жүйелеу, сараптау басты назарға алынған.



**Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 2-кітап. – 224 б.**

«Қазіргі Мұхтартану» атты монографиялық еңбектің екінші кітабында әдебиетіміз бен өнеріміздің, жалпы ұлттық руханиятымыздың жаңару процестері ұлы суреткеріміз Мұхтар Әуезовтің шығармалары негізінде зерттеліп, қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі тынысы, оның ішінде мұхтартанудың өзекті жайттары зерделенеді.


М.Әуезовтің шығармашылығын әр қырынан талдаған мұхтартанушы ғалымдардың (А.Нұрқатов, З.Қабдолов, Б.Құндақбаев, Р.Нұрғали, К.Сыздық, М.Мырзахметұлы, Б.Майтанов, Т.Жұртбай) зерттеулеріндегі жазушының шығармашылық-тұлғалық болмысын біртұтас тануға мүмкіндік беретін ғылыми танымдар мен көркемдік-эстетикалық ізденістер жаңаша көзқараспен талданады.






**Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес, Ж.Қ. Ибраева. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. - 640 б.**

Өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарында қазақ тіл білімі жаңа бір белеске көтеріліп, күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоғалтпаған шоқтықты зерттеу еңбектерімен толықты. Сол кезеңде жемісті еңбек етіп, аз ғұмырында қазақ филологиясына мол олжа салған ғалымның бірі - Құлмат Өмірәлиев (1930-1985). Ғалымның бұл жинағына XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілін жан-жақты қарастырған еңбектері енгізілді. Сондай-ақ XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясының жанрымен стилі және VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері бойынша текстологиялық зерттеу мәселелері кең түрде баяндалады.



**Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес, К. Шаймерденова. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. - 640 б.**


Филология ғылымдарының докторы, профессор Талғат Сайрамбаев (1937-2009) қазақ тіл білімі синтаксисінің өзекті саласы - сөз тіркесінің қалыптасу кезеңдері, даму тарихы және тілдік қолданыстағы өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген бірден-бір жетекші ғалым. Оның еңбектерінде сөз тіркестерінің түрлері, байланысу тәсілдері, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен үйлесімді тіркес құрау заңдылықтары баяндалады. Сондай-ақ орыс тіл білімі мен түркітану синтаксис мамандарының осы мәселеге қатысты пікірлері, оның қазақ тіл біліміндегі сөз тіркесіне ықпалды тұстары талданып көрсетіледі.



**Әлім Қайсар қажы. Мекке, Мәдинам менің! Қажылық пайым. – Астана: Фолиант, 2015. - 160 б.**

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Қайсар қажы Әлім бұл кітабында Мекке, Мәдинаға жасаған ұлы сапары (07 - 29.10.2013 жыл) туралы баяндайды.


Автордың жалпы имандылық құндылықтарына негізделген ой-пайымы, мақсат-аңсары, көрген-білгені, түйсік-түйгені, сезім-сыры - кітаптың алтын арқауына айналған.



**Макин Қ. Ұлт пен дін. – Алматы: «Тамыр» ЖШС, 2015. – 352 б.**


Белгілі қаламгер Қайыржан қажы Макин «Ұлт пен Дін» атты кітабында ұлттық болмыс, ұлттық мінез, ұлтқа қатысты мәселелерді қозғайды және қазақтың қайдан шыққанын шежіре арқылы көрсетіп, Дін қалай бізге енгенін айтады.

Автордың кезекті 17-ші «Ұлт пен Дін» кітабында көпті көрген, 17 шет мемлекетте болған, 17 ота (операция) жасатқан, 77 жасқа толған ақсақалдың ой-толғаныстарын оқи аласыздар.




**Алтайбаев С.Қ. Виктимология негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды, 2014. – 77б.**

Оқу құралы виктимологияның пәні мен затын, қылмыс құрбанын, олардың мінез-құлқының сипатын, сонымен қатар, қылмыстылыққа әсер етудің виктимологиялық бағыттары және тұрмыстық-отбасылық күш қолдану қылмыстарын виктимологиялық алдын алуды қарастыратын дәрістерден, емтихан тапсыруға арналған бақылау, тест сұрақтарынан, дипломдық жұмыстар тақырыптарынан тұрады.




**Құлжақәева Р.Б., Қызылов М.А., Алтайбаев С.Қ. Көмелетке толмағандар қылмыстылығы және оның алдын алу: Оқу құралы. – Қарағанды, 2014. – 87 б.**

Оқу құралында Қазақстан Республикасында көмелетке толмағандар қылмыстылығының криминологиялық аспектілері, олардың қылмыс жасау себептері мен алғы шарттары, жеке бас ерекшеліктері, көмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының алдын алуды ұйымдастырудың теориялық және тәжірибелік маңызы бар мәселелер қарастырылады.




**Асайынов С.О., Кішкентаев Ж.Ж. Күрестің әскери ұрыс тәсілдері: Оқу құралы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014. – 150 б.**

Оқу құралында күрестің әскери ұрыс тәсілдері сабағын меңгерту мен өткізудің әдістері бойынша, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметкерлерінің арнаулы құралдар мен күш көрсету құқығын қолдану мәселелері арқау етілген. Оқу құралы күрестің әскери ұрыс тәсілдері бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ ЖОО-на арналған бағдарламасына және Қазақстан Республикасы ІІМ 2013 жылғы 6 наурыздағы № 10 (күн) «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене дайындығын ұйымдастыру туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес дайындалған.



**Қалиев А.Қ., Сахарбай А., Сүлейменов Т.Н., Балтабаев Т.Н., Шакжанов А.Т., Ыбышев М.Ж. Сотқа дейінгі тергеп тексеру. Жаттығулар жинағы. – Қарағанды, 2014. – 69 б.**

Аталмыш жаттығулар жинағында Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, тәжірибелік қызметтің ерекшеліктерін, пікірталас тудыратын сұрақтарын басшылыққа ала отырып дайындалған жағдайда есептер ұсынылады.




**Ғылымның жаңа беттері: Республ. жас ғалымдардың ғыл. конф. материалдары бойынша ғылыми мақалалар жинағы (30 сәуір 2015 96 ж., Алматы қаласы) = Сб. научн. статей по мат. респ. научн. конф. молодых ученых (30 апреля 2015 г., город Алматы). - Алматы, 2015. - 84 б.**

Жинақта қоғамдық және гуманитарлық, техникалық, ауыл шаруашылығы және ветеринарлық ғылымдардың түрлі салалары бойынша зерттеу материалдары келтірілген.


**Калиев А.А. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы. Дәрістер курсы. – Қарағанды, 2014. – 170 б.**

Дәрістер курсы болашақ мамандарды дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқу процесі үшін әзірленген. Дәріс курсына қаржы құқығы оқу пәнінің жұмыстық бағдарламасына сәйкес қаржы құқығының пәні, әдісі, жүйесі, қайнар көзі қарастырылған, жекелеген қаржы-құқықтық институттар: бюджет құқығы, мемлекеттік кредит, салық құқығының және т. б. институттардың сипаттамасы берілген.

Дәріс курсына автор қаржы құқығы саласы бойынша оқу материалын қолданыстағы оқу бағдарламасына сай жүйелі түрде қарастыруды жүзеге асырған. Қаржы құқығының оқу пәні ретіндегі күрделілігін және осы саладағы заңнаманың динамикасын ескере отыра, автор пәнді меңгеруде қаржы құқығы заңнамасының ұғымдарына мән беру пікірінен бұрын, ең бастысы бұл құқық саласының ғылыми заңдылықтарын түсінуге, нормотивтік құқықтық актілерді өз еркімен және шығармашылық тұрғыда талдау дағдысын алуға және олардың мазмұнына аса сын көзқараспен қарауға мән берген.








**Құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қызметкерлеріне арналған жеке ұсыныстар: Оқу әдістемелік құрал / Е.Т. Әбеуов, Е.Т. Қалықов, Ә.Т. Нұрмахамбетов және т. б. заң ғылымдарының кандидаты, профессор М. А. Қызыловтың редакциясымен. – Қарағанды, 2014. – 87 б.**


Бұл оқу-әдістемелік құралы Қазақстан Республикасы ІІМ оқу мекемелерінің тыңдаушыларына және оқытушыларына сондай-ақ жол-патрульдік, көші-қон және мамандандырылған күзет қызметінің саптық бөліністерінің қызметкерлеріне зерделеу және қолдану үшін арналған.

Жұмыста ПО қызметкерінің әкімшілік-құқықтық, криминалистикалық және қосымша аспектілерінің — құқықтық реттелуі, құқық бұзушыларды әртүрлі жағдайларда ұстауды ұйымдастыру, ұсталғанның сыртқы қаралуы және тірі адамды тексеру, ұстау және қамауға алу тактикасы, көлік құралдарын тексеру, ерекше жағдайларда әрекет жасауда қауіпсіздік ережелері қарастырылады.




**Рахметуллаев А.Б. Кәсіби-тәрбиелік іс-әрекетке даярлау негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды, 2014. – 95 б.**

Оқу құралында жоғары білім беру теориясы мен практикасында құқық қорғау қызметі бакалаврларын даярлаудың мәселелерін талдау, болашақ құқық қорғау қызметі бакалаврының кәсіби-тәрбиелік іс-әрекетке даярлығының мазмұны мен бүгінгі күндегі қоғамдық қажеттіліктің өсуіне сәйкестігі, қазіргі заманғы кәсіби педагогика ғылымының тұрғысынан қарастырылған.



**Кенес Нұрпейіс. Шығармалар жинағы / Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.Ж. Өскембаева. - Алматы: Елтаным баспасы, 2015. - 344 б.**

Кітапта тарихшы ғалым, академик Кенес Нұрпейістің мерзімді баспасөз беттеріне жарық көрген мақалалары мен ғылыми конференцияларда баяндалған еңбектері топтастырылып отыр. Автордың еңбектерінде тарих ғылымында өзекті болған ХХ ғасырдағы ұлт зиялыларының қоғамдық саяси қызметі, 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс барысы, аштық, қуғын-сүргін, тұлғатану және т.б. мәселелер көтерілген.




**Сомжүрек Ж.-Н. Сарыарқа сазы. - Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. - 1 том. - 560 б.**

Белгілі ақ жүрек ақын, өткір тілді сыншыл, ұлағатты ұстаз, педагогикалық, әлеуметтік -экономикалық батыл бастамалар көтеріп және сол бастамаларын өз қолымен жүзеге асырып, көрсетіп беріп жүретін қажымас жаңашыл қоғам қайраткері, сан қырлы талант иесі Жұма-Назар Сомжүректің бұл қос томдығының бірінші томына оның әр жылдары жарық көрген өлең кітаптары мен соңғы «Сарыарқа самалы» (2000 ж.) жыр жинағындағы лирикалық өлең-жырларының таңдаулылары енгізілген.



**Дүйсенғазы С. Қарашығымда көшкен бұлт. Өлеңдер жинағы. - Алматы: «Мерей» баспасы, 2014. - 136 б.**

Белгілі айтыс ақыны Серікзат Дүйсенғазының бұл тұңғыш өлеңдер жинағына өмір, өнеге, адамгершілік, туған ел, махаббат, адамның ішкі жан-дүниесінің сезім-сырларын, табиғат құбылыстарын арқау еткен өлең топтамалары, Алла есімін, пайғамбарларды ұлықтаған мадақ жырлар, діни төрттағандар енген. Ақынның сезімге толы жырларына сыршылдық пен шынайылық тән.




**Пірәлі. Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. - Алматы: Елтаным баспасы, 2014. - 240 б.**

Халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын тарихы бір тұтастық мызғымас бірлік, ажырамас туыстық жағдайда мәңгілік біріктіре алатын алтын қазық - ұлттық идея.


Ұлттық идея арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды, тарихымызды танып білеміз. Халық рухының сарқылмас бастауы да, әдеби, мәдени құндылықтарымыздың мәңгілік мәйегі де сонда жатыр. Бұл монографиялық еңбекте қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның жазылуы мен әдебиеттану ғылымындағы зерттелу жайы қарастырылады.

**Қожалымов З. Ғибратты өмір: Ғылыми пікірлер, мақалалар, сұхбаттар, өнер т.б.. - Алматы: Шалкөде, 2014. – 341 б.**



Бұл еңбектің авторы халық медицинасы саласының белгілі ғалымы, өнер саласында да таныла бастаған ақын-сазгер, мәдениеттанушы ғалым, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, халық медицинасының профессоры, академик, «Қазақстан халық емшілері қауымдастығының» президенті — Зядан қажы Қожалымов. Жинақта автордың ширек ғасырға жуық ғылым мен өнер саласындағы жетістіктері туралы «Халық медицинасындағы құндылығы мен маңыздылығы» атты халықаралық ғылыми теориялық конференцияда («Ғылым ордасы» РМК ғимаратында, Алматы, 02-08.2014) баяндама жасаған және құттықтаған ғалымдардың, өнер саласы мамандары мен емшілердің пікірлері, ғылыми мақалалары, автордың телеарналарға берген сұхбаттары және автордың торқалы мерейтойына байланысты ізгі тілектер мен құттықтаулар т.б. мәселелер жинаққа енгізілген.

**Сәбден О. Абай және қазақ болашағы. Тарихи ұлы тұлғалар. – Алматы, 2015. – 166 б.**




Халқымыздың дана да дара кемеңгері, данышпан ақыны әрі ойшылы - Абай Құнанбайұлының қара сөздері қазақ халқын, жалпы адамзат баласын екі ғасырдан бері рухани құндылықтарға жетелеуде. Осыны негізге алған автор ХХІ ғасырда, жаһандану заманына жаңа көзқараспен қарап, инновациялық серпіліс беріп, экономикалық талдау жасап, алдағы цивилизациялық сұраныстарға лайық деген өзінің он үш ойлы толғамдарын оқырмандарға ұсынып отыр. Бұл еңбекте Қазақ елін алға жетелейтін құндылықтардың тетіктері мен тың пікірлер берілген, болашаққа бағыттайтын жол мен жобалар да бар. Сондай-ақ, қазақ еліне, жалпы өркениетке елеулі үлес қосқан тарихи ұлы тұлғалар туралы қысқаша мәлімет беріледі.




**Аронұлы С. Бөрілі байрақ ту етіп. Жинақ. – Алматы: «Арда» баспасы, 2015. – 400 б.**

Жыраулық поэзияның ұлы тұлғасы Сүйінбай Аронұлының туғанына 200 жыл толуына орай дайындалған шығармалар жинағына ақынның 1935 жылдан бері шығып келе жатқан жинақтарындағы шығармалары түгелдей қамтылды. Сонымен қатар ақын мұражайынан, («Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларынан, мерзімді баспасөз беттерінен, жеке адамдардан алынған шығармалар да жинаққа берілді. Арнайы текстологиялық жұмыстар жасалды.



**Үмбетаев М. Сүйінбай. Монография. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2015. – 272 б.**


Бұл зерттеуде қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі ақыны, импровизаторлық өнердің өрен жүйрігі Сүйінбай Аронұлының өмірі мен өлең-жырлары және айтыстары жан-жақты талданған. Әрі жыр дүлдүлі Сүйінбайға қатысты жаңадан табылған әдеби-тарихи деректер, ел аузында жүрген әр алуан естеліктер бүгінгі көзқарас тұрғысынан екшелді.



**Болыс. Ғұмыр-дария: Естеліктер / Құраст.: Н. Досболова, А. Болысұлы. – Алматы, 2015. – 256 б.**


Бұл кітапта Болыс Асанұлының көп жылдарғы өнегелі ұстаздық жолы және еліміздегі газ құбырларын жобалау саласындағы абыройлы еңбегі және білікті маман, биік парасат иесі ғана емес, бекзат болмысты адам екені туралы оның туған-туыстары, бала кезден, студент шақтан бірге келе жатқан достары және кейінгі өмір жолындағы жолдастары, әріптестері ақтарыла сыр шертеді.

Сонымен қатар, аяулы жанның студент кезінде өзі жазған күнделігіндегі естеліктері де сол қалпында беріліп отыр.




**Хамитова М.А. Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасының Қазақстан музейі ісіндегі маңызы. Монография. – Алматы, 2014. – 223 б.**

«Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасының Қазақстан музейі ісіндегі маңызы» атты зерттеу еңбегі Ә.Х. Марғұланның өмірі және қазақ халқының тарихын, мәдениетін зерттеудегі ғылыми еңбектерін, сол еңбектердің Қазақстан музейі ісіндегі маңызын (этномәдени бағыттары) және мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруда қосатын үлесін көрсетуге арналған. Академик Ә.Х. Марғұланның өмір жолы және ғалымның қазақ халқының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, ауыз әдебиеті, қолданбалы өнері, олардың тарихы туралы, өнер тарихы, археология, сәулет өнері туралы жазылған құнды да мол этнографиялық, этноархеологиялық мұрасының - қазақтың жас ұрпағын ұлттық рухта, отаншылдық сезімде тәрбиелеудің басты құралы екендігін көрсетеді.




**Ағыбаева А.Қ. Ғылыми зерттеу негіздері. Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2015. - 117 б.**

Оқу құралы «Ғылыми зерттеулер негіздері және экологияда эксперименттер қою» және «Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу» курстарына арналған оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылған және «Экология» мамандығының студенттері мен магистранттарына арналады.




**Аубакиров Х.А., Кенжеходжаев М.Д., Тастанбеков Қ. Биотехнология. Зертханалық жұмыстар практикумы. - Тараз: Тараз университеті, 2015. - 248 б.**

Практикум өсімдіктер биотехнологиясынан зертханалық жұмыстар, жануарлар биотехнологиясынан зертханалық жұмыстар, медициналық және ветеринарлық биотехнологиядан зертханалық жұмыстар, микробиологиялық биотехнологиядан зертханалық жұмыстар және тамақ биотехнологиясынан зертханалық жұмыстар атты бөлімдерден құралған. Практикумда аталған пәндер бойынша дайындалған зертханалық жұмыс тақырыптарының орындалуына қажетті құрал-жабдықтар, жұмыс істеу әдістері берілген.



**Ибраева Н.А., Үсіпбаева М.Е. Эконометрика. Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2015. - 171 б.**


Оқу құралында эконометриkanың теориялық негіздері, ғылыми пән ретіндегі дамуы, нақты экономикада қолдануға болатын моделдері, модельге енетін параметрлердің мәнділігін бағалау және талдау қарастырылады, яғни экономикалық құбылыстарды математикалық моделдер түріне келтіру арқылы, компьютерде шығару жолдары ұсынылады.



**Мунасипов С.Е. Аяқ қол антропометриясы және биомеханикасы: Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2015. - 141б.**

Оқу құралында қолданбалы және биомеханика негіздері: қаңқаның, бұлшықет, тамыр жүйке жүйелерінің құрылысы мен қызметі және Қазақстан Республикасында жүргізілген антропометриялық зерттеулер нәтижелері келтірілген.






**Серікбаев Е.Қ. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы және Қазақстан. Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2015. – 170 б.**


1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі кезеңде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы идеясы демократиялық өзгерістер деңгейін білдіретін құралға айналды. Қазақстандағы Ресей саяси партияларының комитеттері, Алаш партиясы және өзге қоғамдық қозғалыстар оған өкілдер сайлауға белсене араласып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешетін алқалы жиынға әзірленді. Қазақ зиялылары уездік, облыстық және Жалпықазақ съездерін өткізе отырып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланатын депутаттар тізімін анықтап, съездер шешімдерін аманат ретінде тұжырымдады ...

Оқу құралында жоғарыда айтылған мәселелер мен 1918 жылдың қараша айындағы Адмирал Колчак жарлығына дейінгі оқиғалар желісі архив деректері мен сол кездегі қазақ және орыс тіліндегі баспасөз материалдары негізінде баяндалады.




**Ағыбаева А.Қ., Әлімхан Г.Ә. Экология және тұрақты даму: Оқу құралы. - Тараз: Тараз университеті, 2015. - 147 б.**

Оқу құралында экология ғылымының негізгі мәселелері, қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі түсініктері қарастырылған.




**Ахметова Б.Г., Белисарова Ф.Б., Таукенова А.С. Экспериментальная физика нейтронов: учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 251 с.**

В учебном пособии в расширенном виде рассматривается физика нейтронов. Наряду с практическим применением нейтрона в атомных электростанциях, энергетических корабельных установках, при производстве радиоактивных изотопов для промышленности и медицины очень важна роль нейтрона в чисто научных исследованиях. Данное учебное пособие представляет неоценимый материал для естественных специальностей вузов и разработано на основе научных трудов Б.Г. Ахметовой.




**Ашкеева Р.К., Тугелбаева Л.М., Рыскалиева Р.Г. Химия элементов: учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 256 с.**

В данном учебном пособии рассматриваются свойства химических элементов и их соединений. В основу материала положена Периодическая система Д.И. Менделеева. В пособии рассматривается химия элементов главных подгрупп, затем - химия элементов побочных подгрупп. В каждом разделе приведен теоретический материал, контрольные вопросы для повторения, задачи, упражнения и тесты для самостоятельной работы.




**Дюсебаева М.А. Методы анализа контроля качества продукции тонкого и основного органического синтеза: учебное пособие. - Алматы: Казак университеті, 2015. - 128 с.**

В данном учебном пособии рассматриваются методы анализа органических соединений - хроматографические и спектральные (УФ- и ИК-спектроскопия, спектроскопия ЯМР и масс-спектрометрия). Представлены методики решения спектральных задач и предложены примеры их использования для установления строения органических соединений. Также приведен табличный материал для расшифровки спектров указанными методами.




**Жусупов М.А., Сахиев С.К., Кабатаева Р.С. Квантовая теория рассеяния: учебное пособие. - Алматы: Казак университеті, 2015. - 205с.**

В настоящем учебном пособии изложены основы квантовой теории рассеяния. Особое внимание уделено методам вычисления амплитуды рассеяния: борновскому приближению, методу парциальных волн и высокоэнергетичному приближению. Рассмотрены релятивистские и нерелятивистские кинематики. Приведены конкретные примеры вычислений сечений и порогов экзотермических ядерных процессов.




**Жусупова Г.Е. Химия и химическая технология проантоцианидинов: учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 96 с.**

В данном пособии коротко изложены теоретические основы строения и химические свойства различных форм флаван-3-олов, в том числе их димерных, олигомерных и полимерных форм (проантоцианидины), являющихся важнейшими биологическими активными соединениями растений. Приведены их физико-химические характеристики, оригинальные литературные источники и экзаменационные вопросы для контроля качества полученных знаний.



**Калугин С.Н. Химия и технология получения флотореагентов: учебное пособие для студентов специальности «Химическая технология органических веществ». - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 230 с.**

В учебном пособии представлены основные сведения о флотационном способе обогащения минерального сырья, основных флотореагентах и лабораторных и технологических способах их получения.




**Оразымбетова А.Б., Мусабеков К.Б. Коллоидно-химические основы нанотехнологии: учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 112 с.**


В пособии обобщены теоретические представления, принятые в коллоидной химии с нанотехнологией. Показаны основные методы получения нанодисперсных коллоидов, особенности их физико-химических свойств. Рассмотрены проблемы устойчивости нанодисперсных систем, структурообразования и методы их стабилизации.

**Тажибаева С.М., Мусабеков К.Б. Коллоидная химия биодисперсий: учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 156 с.**

Учебное пособие посвящено углубленному изучению коллоидно-химических свойств особого класса дисперсных систем - клеток микроорганизмов, являющихся потенциальными биосорбентами и биокатализаторами. Даны сведения о размерах биокolloидов, их поверхностных характеристиках, устойчивости и возможности их практического использования.

